| Брокерлік-дилерлік қызметтер, барлығы | 48 507 783 | 70 730 339 |
| соның ішінде: клиенттердің тапсыруы бойынша валюта сатып алу: | | |
| долл | 10 888 223 | 23 187 761 |
| неміс маркалары | 22 224 | 0 |
| pp | 4 657 339 | 2 541 059 |
| евро | 1 827 | 53 139 |
| клиенттердің тапсыруы бойынша валюта сату : | | |
| долл | 21 394 945 | 31 175 406 |
| немецких марок | 560 727 | 0 |
| pp | 8 301 545 | 3 944 193 |
| евро | 289 036 | 1 793 540 |
| клиенттердің тапсыруы бойынша бағалы қағаздар сатып алу | 1 193 256 | 4 196 536 |
| кеиенттердің тапсыруы бойынша бағалы қағаздар сату | 1 198 661 | 3 838 705 |

Көрсетілген жұмыстар мен қызметтердің көлемінің өсуі Банктің меншікті капиталының ұлғаюымен (көздер- жаңа акционерлер, таза пайда, бағынышты қарыз), жаңа клиенттер тарту және айналысқа облигациялар шығару бойынша белсенді жұмыс жүргізудің есебінен ресурстық базаның кеңеюімен қатар орын алады.

22. Банктің қызметіне ықпал ететін факторлар:

- 1) Банк нәтижесінде Банктің қызметін тоқтату немесе өзгерту, Банке елеулі ақша және өзге міндеттемелер салу орын алуы мүмкін сот үрдістеріне тартылмаған.
- 2) Соңғы жылдың ішінде Банкке және оның лауазымды тұлғаларына уәкілетті мемлекеттік органдар немесе сот салған әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер:

Әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер

| Санкциялар салынған күн | Санкциялар салған орган | Санкциялар салыну себебі | Санкциялар түрі | Санкциялардың мөлшері (теңге) | Санкциялардың атқарылу дәрежесі, % |
|-------------------------|--|---|-----------------|-------------------------------|------------------------------------|
| 19.02.2002 | Алматы қаласының Қалалық сәулет басқармасы | «ҚР сәулеттік қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңды бұзушылық үшін айып 14.02.02 жылғы №31 Қаулы | Әкімшілік | 411 500 | 100 |
| 05.04.2002 | Қарағанда қаласы бойынша салық комитеті | Анықтамаға сәйкес көлік құралдары бойынша салықтар бойынша өсімпұлдар | Қаржылық | 93 | 100 |
| 21.08.2002 | Қостанай қаласы бойынша салық комитеті | Тексеру кесімі бойынша салықтар бойынша өсімпұлдар | Қаржылық | 496 | 100 |
| 01.08.2002 | Өскемен қаласындағы ҚР ҰБ филиалы | Валюта айырбастау операциялары бойынша тізілімдер жүргізуді бұзушылықтар | Әкімшілік | 8 230 | 100 |
| 30.09.2002 | Шымкент қаласы бойынша салық комитеті | Тексеру кесіміне сәйкес салықтар бойынша айыптар мен өсімпұлдар | Қаржылық | 206 000 | 100 |
| 28.12.2002 | Ақсай қаласы бойынша салық комитеті(Орал қаласындағы филиал) | Салыстыру кесімі бойынша салықтар бойынша өсімпұлдар | Қаржылық | 190 | 100 |

3) Тәуекел факторлары.

Өз қызметін жүзеге асыру барысында Банк көптеген түрлі тәуекелдерге кезігеді, олардың негізгілері төмендегілер болып табылады:

- стратегиялық тәуекел
- несиелік тәуекел

- пайыздық тәуекел
- өтімдік тәуекелі
- операциялық тәуекел
- валюталық тәуекел
- елдік тәуекел
- бағалық тәуекел
- құқықтық тәуекел
- беделдік тәуекел

Стратегиялық тәуекел. Стратегия – Банктің барлық даму мүмкіншіліктерін уақытында және дәйекті пайдалану үшін шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Банктің ішіндегі қарым-қатынастар жүйесіне, Банктің қаржы нарығындағы позицияларына қатысты, оның мақсаттарына қол жеткізуге әкелетін Банктің сапалы айқындалған даму бағыты.

Стратегиялық тәуекел – бұрыс іскерлік шешімдер қабылдаудың және/немесе енгізудің және сыртқы факторлардың өзгеруіне алаңдаудың болмауы салдарынан пайда мен капиталдың бір бөлігін жоғалту тәуекелі.

Банке және жалпы қаржы секторына экономикалық талдау, маркетингілік зерттеулер, стратегиялық тәуекелді бағалау мен басқаруды бақылау арқылы басқарылады.

Несиелік тәуекел – қарыз, лизингілік, факторингілік, форфейтингілік, ломбардтық, құжаттық операциялар (бұдан әріде "қарыз операциялары") жүргізу кезінде клиент өзіне қабылдаған ақшалай міндеттемелерді орындау бойынша шарттың бастапқы жағдайларын бұзуының салдарынан ысыраптардың пайда болу тәуекелі.

Несиелік тәуекел тәуекелді сәйкестендіру; клиенттердің міндеттемесінің, қаржылық ахуалының сапасын талдау және бағалау; қаржы операцияларының мониторингі және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігінің сақталуын бақылау арқылы айқындалады.

Жұмсалымдарды немесе міндеттемелерді әртараптандыру; лимиттеу, яғни, тәуекел деңгейінің шақтамалы мәнін белгілеу; залалдар пайда болған жағдайда олардың өтеуге резервтер құру; Банк жұмыскерлерін басқару және бақылау; сақтандыру-тәуекелді сақтандыру компаниясына табыстау; жұмсалымдардың ықтимал ысыраптарын төмендетуге арналған хеджерлеу арқылы басқарылады.

Пайыздық тәуекел - Банктің қаржылық ахуалының пайыздық мөшерлемелерді қолайсыз өзгерту әсеріне әлуетті душар болу тәуекелі. Пайыздық тәуекел Банктің табыстарына, активтердің, міндеттемелер мен баланстан тыс құралдардың экономикалық құнына ықпал етеді, Банк ұшырау мүмкін пайыздық тәуекелдің негізгі нысандары төмендегідей болып табылады:

- орналастырылған активтер мен тартылған міндеттемелердің қайтарылу және өтелу мерзімдерінің сәйкес болмауы себепті ысыраптар пайда болу тәуекелі (беркітілген сыйақы мөлшерлемелері кезінде);
- Банктің бір тараптан Банктің активтері бойынша және екінші тараптан міндеттемелері бойынша түрлі мөлшерлеме түрлерін (қалқыма не болмаса беркітілген) қолдану себепті ысыраптар пайда болу тәуекелі;
- басқа тең жағдайларда ұқсас бағалық сипаттамалары бар бірқатар құралдар бойынша алынатын және төленетін сыйақыны есептеу және түзетудің түрлі әдістерін қолдануға байланысты базистік тәуекел;

- активтердің, міндеттемелердің және шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің операцияны аяқтаудың бірнеше нұсқасынан біреуін таңдап алу мүмкіншілігін тікелей немесе жанама қосу мүмкін екеніне байланысты опциондық тәуекел.

Пайыздық тәуекел төмендегі негізгі әдістердің көмегімен бағаланады:

- **Пайыздық маржа.** Осы көрсеткіш активтік операциялардың табыстылығын және пассивтік операциялардың құнын бейнелейді және Банк қызметінің тиімділігінің көрсеткіші болып табылады. Таза пайыздық маржа Банктің табысты (өнімді) активтеріне пайыздар бойынша табыстар мен шығыстардың арасындағы қатынасты (айырмашылықты) айқындайды.
- **Пайда спреді.** Пайда спреді Банктің пайдалылығының көрсеткіші болып табылады, Банктің пайыздық саясатын, Банк олар бойынша қаражаттар тарататын және орналастыратын бағалар деңгейін айқындайды. Осы көрсеткіш активтер мен пассивтер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелердің арасындағы айырмашылықпен тұлғаланады.
- **GAP - талдау.** Осы пайыздық тәуекелді өлшеу әдісі активтер мен міндеттемелердің арасындағы мерзімдер бойынша үзілісті айқындау болып табылады.

Пайыздық тәуекел Банктің пайыздық спредін, оның беталыстары мен мөлшерін талдау; қызмет бағыттары бойынша активтер қимасында қаржылық активтердің табыстылық қозғалысын және Банктің пассивтерінің қимасында пайыздық пассивтерге шығыстарды талдау; банкаралық нарықта және биржа нарығында нарықтық пайыздық мөлшерлемелер мониторингі; қысқа мерзімдік және өтімдігі жоғары инвестицияларға арналған нарықтық және Банкте қолданыстағы мөлшерлемелер мониторингі; орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік инвестициялар бойынша нарықтық және Банкте қолданыстағы мөлшерлемелер мониторингі; депозиттер бойынша нарықтық және Банкте қолданыстағы мөлшерлемелер мониторингі; пайыздық мөлшерлемелер деңгейіндегі өзгертуге байланысты позиция құнының өзгеруін талдау; активтер мен міндеттемелердің арасындағы мерзімдер бойынша үзілістерді талдау; бақылау арқылы басқарылады.

Өтімдік тәуекелі – Банктің өз міндеттемелерін ықтимал орындамауына не болмаса уақытында орындамауына, сондай-ақ Банктің өтімдік көрсеткіштері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің пруденциалдық нормативтерін бұзуына байланысты тәуекел.

Сәйкестендіру (өтеу мерзімдері бойынша активтер мен пассивтерді талдау; кезең ішіндегі негізгі баланс баптарының өзгеруін талдау; Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің пруденциалдық нормативтерінің сақталуын бақылау; сыйақы алуға (төлеуге) байланысты табыстар мен шығыстарды талдау); тәуекелді бағалау және өлшеу (негізгі әдістер: активтер мен пассивтер қоржынындағы жекелеген қаржы құралдарының үлесіне шақтамалы шамалар белгілеу, өтеу мерзімдері қимасында активтер сомасына міндеттемелер сомасының қатынасына шақтамалы шамалар белгілеу; касса бойынша қалдықтың шақтамалы шамаларын белгілеу; банкаралық қаржы операцияларын жүргізу кезінде банк-контрагенттерге шақтамалы шамалар белгілеу; ықтимал ақша жылыстауларын бәсеңдету үшін пайдаланылатын өтімдігі жоғары бағалы қағаздар қоржынын қалыптастыру; қаржы нарықтарында операцияларды іске асыру кезінде Банктің жоғары іскерлік беделін сақтау);

белгіленген көрсеткіштер мен шектеулердің сақталуын бақылау арқылы басқарылады.

Операциялық тәуекел – Банктің ішкі бақылауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бұзуының (сақтамауының) салдарынан ысыраптардың пайда болу тәуекелі. Ішкі бақылауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бұзу Банктің жұмыскерлерінің ішкі құжаттар мен банк қызметінде тәуекелдерді басқару бойынша талаптар айқындаған тәртіптер мен функцияларды сақтамауы болып табылады. Операциялық тәуекелге содай-ақ операциялық (компьютерлік) жүйелерде елеулі ақаулықтардың пайда болуына байланысты тәуекелдер кіреді.

Операциялық тәуекелдер төмендегідей сыныпталады:

- қызметкерлер құрамының тәуекелі – жұмыскерлердің ықтимал қателеріне, алаяқтыққа, Банк штатының біліктілігінің жеткіліксіздігіне, орнықсыздығына, еңбек заңнамасындағы қолайсыз өзгертулер мүмкіндігіне және т.б. байланысты ысыраптар тәуекелі;

- баға түзілу тәуекелі – банк өнімдеріне баға бәсекелестігіне сақтамаудың не болмаса өзіндік құннан төмен баға белгілеуге байланысты клиенттен немесе әлуеттегі пайдадан айырылу тәуекелі;

- үрдіс тәуекелі - банк операцияларын және олар бойынша есеп айырысу, оларды есепке алу, есеп-қисап және т.б. жүргізу үрдісіндегі қателерге байланысты ысыраптар тәуекелі. Осы тәуекел түрін азайту үшін төмендегілер жүзеге асырылады:

- технологиялық тәуекел – пайдаланылатын технополициялардың жетілмегендігінің жүйелердің жеткіліксіз сыйымдығының, олардың өткізілетін операциялар сай еместігінің, деректер өңдеу әдістерінің дөрекілігінің, пайдаланылатын деректердің сапасының төмендегінің немесе сай болмауының және т.б. себебінен пайда болуы мүмкін ысыраптар тәуекелі.

- табиғи килігу тәуекелі – Банктің қызметіне тікелей табиғи килігуге - табиғи нәубеттерге, өрттерге, тонауға, терроризмге және т.б. байланысты ысыраптар тәуекелі.

Банк бөлімшелерінің сәйкестендіру, мониторингі және бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Валюталық тәуекел – Банк өзінің қызметін жүзеге асырған кезде шетел валюталарының курстарын өзгертуге байланысты пайда болуы мүмкін ысыраптар тәуекелі.

Сәйкестендіру – Банк жұмыс істейтін әрбір шетел валютасы бойынша ашық валюта позициясын талдау; валюталар қимасында Банктің активтері мен пассивтерін салыстыру арқылы тұрақты негізде бағалау тәуекелін бағалау, Банктің бөлімшелерінің мониторингі және бақылау арқылы басқарылады.

Елдік тәуекел – бұл шетелдік контрагент (мемлекет, банк, клиент) контрагенттің елінде қолайсыз жағдайдың туындауына байланысты себептер бойынша өзінің міндеттемелерін орындағысы келмегенінің немесе орындай алмауының салдарынан болатын Банктің қаржылық ысыраптар тәуекелі.

Банктермен, компаниялармен және мемлекеттің қаржы құралдарымен операциялар жүргізу кезіндегі ықтимал ысыраптардың шамасын сәйкестендіру; елдің қаржылық және саяси жағдайын (макроэкономикалық көрсеткіштер, саяси ахуалды бағалау, елдің статистика органдары дайындаған статистикалық бюллетеньдер, рейтингілік агенттіктер мен басқа талдау ұйымдарының

талдамалық есептемелері, БАҚ ақпараты) бағалау, мониторинг және бақылау арқылы басқарылады.

Баға тәуекелі – қаржы құралдары қоржынының құны өзгергенінің салдарынан ысыраптардың пайда болу тәуекелі. Нұқсан тәуекелі қаржы құралдарының құнына ықпал ететін қаржы нарықтарының жағдайлары өзгерген кезде пайда болады.

Баға тәуекелі тұрақты негізде қаржы құралдары мен эмитенттердің сәйкестендіру және бағалау, құралға бағалардың өзгеруін болжау; Қаржы Комитетінің шешімдерінің мониторингі мен орындалуын бақылау арқылы айқындалады.

Құқықтық тәуекел – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын Банктің бұзуы немесе Банктің іс-тәжірибесінің, рәсімдері мен ішкі құжаттарының оған сәйкес келмеуі, ал Қазақстан Республикасының резиденттері еместермен қарым-қатынаста басқа мемлекеттердің аталған қарым-қатынастарды реттейтін заңнамасының талаптарын бұзуы салдарынан ысырап пайда болу тәуекелі.

Банк құқықтық тәуекелдің көптеген түрлерін айқындайды, олардың ішіндегі негізгілері төмендегілер болып табылады:

- Банк пен оның клиенттерінің мүдделерін қозғайтын заңнама өзгерістеріне, болашақ заңнамалық талаптарды алдын ала көре білуге қабілетсіздікке байланысты тәуекел;
- Қолданыстағы заңнаманың кемістіктері, қарама-қайшылықтары, бір мәнді түрде түсіндірмеу салдарынан олатын ысырап тәуекелі;
- Жаңсақ құрастырылған құжаттаманың, заңдық талаптарды бұзудың, тараптардың шарттық міндеттемелерін келісу барысында ескерілген құқықтарды, міндеттемелерді толық емес және дәл емес түрде реттемелеудің, салдыр-салақтық, адал қателесу, тиімсіз басқару мен қасақана әрекет салдарынан шарттық міндеттемелерді орындамаудың себебінен міндеттемелердің ұлғаю тәуекелі.
- Құқыққа қарсы қылмыстық тұрғыдан жазаланатын іс-әрекеттер жасау тәуекелі,. Аталған іс-әрекеттер Банктің жалған құжаттар негізінде шешім қабылдауы мен операциялар жүргізуіне, мүліктік талан-таражға салу мен бүлдіруге, қызметкерлер еңбек міндеттерін атқару кезінде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу қажеттігіне және т.б. байланысты ысырапқа алып келуі мүмкін.
- Банкті сот талқылауына тартудың, сондай-ақ оның нәтижесінің тәуекелі. Сот талқылауы белгілі бір шығындар ілестіруі, ал сот шешімі кері мүліктілік салдарлар тудыруы мүмкін
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына көздеген негіздер бойынша, соның ішінде тиісті өкілеттісіз (лицензияның, сенімхаттың болмауы (қайтарып алынуы), қабілетсіз тұлға жасауы, белгілі бір тұлғалардың келісімін алмастан жасау, заңды тұлға қызметінің мақсатына қайшы келе отырып, заңды тұлғаның органының жарғылық құзыретін бұза отырып және т.б. жасау), тиісті түрде рәсімдеместен (қажетті тіркеудің, нотариалдық құйландырудың және т.б. болмауы) жасау негіздері бойынша мүдделі тұлғалардың, мемлекеттік органдардың немесе прокурордың қуынымы бойынша мәмілені жарамсыз деп тану тәуекелі.

Басқару және мониторинг:

Құқықтық тәуекелдерді Банктің барлық бөлімшелері тұрақты негізде қадағалап отырады.

- Заңнама өзгеруіне байланысты тәуекелді барынша азайту құжаттардың жобаларын мұқият зерделеу мен тиісті нормативтік құқықтық кесімді әрекетке енгізу салдарын талдауға және ықтимал тәуекелдерді барынша азайту/алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеуге негізделген. Банк қызметкерлері қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарға өзгертулер мен толықтыруларды тұрақты негізде қадағалап отырады.
- Бір мәнді емес түсінуді түрлі нормативтік құқықтық кесімдерді көмескі түсіндіру жағдайын анықтап алу үшін тиісті органдарға дер кезінде сауал жолдау жолымен басқарылады. Операциялар жүргізу кезінде заңнамалық база жоқ болса, Банкте рәсімдерді сипаттайтын ішкі құжат әзірленеді, ол жұмысқа қатысушы бөлімшелермен және Заң Департаментімен келісіледі.
- Жаңсақ құрастырылған құжаттама себебінен міндеттемелер ұлғаю тәуекелі барлық тұрпатты емес шарттарды Заң Департаментімен келісу жолымен барынша азайтылады.
- Құқыққа қарсы қылмыстық тұрғыдан жазаланатын іс-әрекеттер жасау тәуекелі Заң Департаментіне түпнұсқалық құжаттарды ұсыну, Банк мүлкін сақтандыру, материалдық жауапкершілік шарттарын жасасу, қызметкерлердің кейбір санаттарының өз еңбек міндеттерін атқаруы кезінде өмірі мен денсаулығын сақтандыру арқылы барынша азайтылады.
- Мәмілені жарамсыз деп тану тәуекелі контрагенттің барлық қажетті құжаттамны түпнұсқасында немесе нотариалды куәландырылған көшірмелерде ұсынуы арқылы басқарылады.
- Құқықтық тәуекелдерді азайту жолға қойылған ішкі бақылау жүйесі, басқару жүйесінде құқықтар мен міндеттерді бөлу, мамандардың жоғары біліктілігі, белгілі бір мәселелер шеңбері бойынша алқалы шешім қабылдау арқылы қамтамасыз етіледі.
- Құқықтық тәуекелдерді барынша азайту/алдын алу соңынан бақылау жасау жүйесін қолдануға, басқару жүйесінде құқықтар мен міндеттерді бөлуге, ұйымдық-басқарушылық құжаттама жүйесінің сапалылығына (бөлімшелердің функцияларын, ішкі ережелер мен нұсқаулықтарда жұмыскерлердің құқықтарын, міндеттерін нақты реттемелейтін ішкі кесімдердің) негізделеді.

Құқықтық тәуекелді бақылау тұрақты негізде бөлімшелердің қызметін жоспарлық тексерулер үрдісінде жүзеге асырылады.

Беделдік тәуекел – Банк туралы теріс қоғамдық пікір немесе сенімінің азаюы салдарынан жоғалту табыспен капиталдың бір бөлігінен айырылу тәуекелі.

Беделдік тәуекел Банктің жаңа клиенттер тарту, жаңа қызметтер ұсыну, бар клиенттермен және контрагенттермен банкаралық нарықта қарым-қатынастарды сақтап отыру қабілетіне ықпал етеді.

Тұрақты негізде тәуекелді сәйкестендіру, бағалау және талдау, мониторинг және бақылау арқылы басқарылады. Беделдік тәуекелді бақылауды тұрақты негізінде Басқарма Төрағасы, Басқарма Төрағасының Орынбасарлары және Ішкі қауіпсіздік бөлімі жүзеге асырады.

IV. АНКТИҢ ҚАРЖЫЛЫҚ АХУАЛЫ

23. Инвестициялар және бағалы қағаздар қоржыны

Инвестициялық қоржынының 01.08.2003 жылғы құрлымы

(тыс.тенге)

| Инвестициялар | Сомасы |
|---|------------------|
| Ұзақ мерзімді инвестициялар және басқа заңды тұлғалардың капиталы | 230 188 |
| Сатуға арналған бағалы қағаздар қоржыны, соның ішінде барлығы: мемлекеттік бағалы қағаздар мемлекеттік емес бағалы қағаздар | - |
| Басқа инвестициялар (Сатуға жарамды бағалы қағаздар қоржыны) | 6 854 379 |
| Барлығы | 7 084 567 |

Бағалы қағаздар қоржынын басқару кезінде Банктің қысқа және ұзақ мерзімді өтімділігі бар жеткілікті қорды қамтамасыз етуге арналған инвестициялардың аса сенімді және өтімділігі жоғары қоржынын қалыптастыру басты міндет болып табылады.

Қазақстан Қор Биржасының листингінен өткен облигацияларға инвестициялар жасауды тек эмитенттің балансына жайылыңқы талдау жасау негізінде дәлелденген жоғары сенімділік болған жағдайда ғана және тек осы эмитенттің облигацияларының нарықта ақылға қонымды өтімділігі болған жағдайда ғана жүргізуге болады.

Төменде 2002 жылғы дебеттік және кредиттік айналымдарды бейнелейтін кесте келтірілген

(мың. тенге)

| Инвестициялар түрі | Бастапқы сальдо | Дебет | Кредит | Түпкілікті сальдо |
|---|------------------|-------------------|------------------|-------------------|
| Ұзақ мерзімді инвестициялар және басқа заңды тұлғалардың капиталы | 134 188 | 96 000 | - | 230 188 |
| Сатуға арналған бағалы қағаздар қоржыны, соның ішінде барлығы: мемлекеттік бағалы қағаздар мемлекеттік емес бағалы қағаздар | - | - | - | - |
| Басқа инвестициялар (Сатуға жарамды бағалы қағаздар қоржыны) | 1 732 311* | 11 042 447 | 7 699 652 | 5 075 106 |
| Инвестициялардың барлығы | 1 866 499 | 11 138 447 | 7 699 652 | 5 305 294 |

* Жыл басындағы бағалы қағаздар қоржыны кері «Репо» операцияларын есепке алусыз бейнеленген.

01.08.2003 жылғы ахуал бойынша Банк капиталға жасалған төмендегі инвестицияларды иеленеді:

(мың. Тенге)

| Ұйымдардың атауы | Жарғылық капитал | Инвестициялардың баланстық құны, (мың тенге) | Банктің үдесі, % |
|--|------------------|--|------------------|
| «Аламты Халықаралық Сақтандыру Тобы» СК» ЖАҚ | 100 000 | 214 800 | 100,0 |
| «Қазақстан қор биржасы» ЖАҚ | 79 209 | 5 134 | 6,48 |
| «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» ЖАҚ | 8 200 | 200 | 2,44 |
| «ARC Finance» Кредиттік-депозиттік серіктестігі» ЖШС («Мега-Банк» ААҚ) | 809 593 | 54 | 0,007 |
| «Процессинг орталығы» ЖАҚ | 728 250 | 10 000 | 1,37 |
| Барлығы | | 230 188 | |

Қазақстан Қор Биржасының «А» листингіндегі кәсіпорындардың акцияларына, нарықтың бұл бөлігіндегі төмен өтімділікке және баға тәуеклілігінің үлкен болуына байланысты инвестициялар жасалмайды.

24. Жарғылық капитал.

Банктің төленген Жарғылық капиталы бухгалтерлік баланстың Шығару Проспектісінің күні 2003 жылғы 01 тамыздағы деректері бойынша - 1 329 510 000,00 KZT (Бір миллиард үш жүз жиырма тоғыз миллион бес жүз он мың Қазақстан теңгесі) құрайды. Жарғылық капиталды төлеуді акционерлер тек ақшалай жүргізді.

25. Банкаралық қағаздар.

Төмендегі банкаралық қағаздар бойынша мәліметті бейнелейтін кесте келтірілген:

(мың теңге)

| Активтер (А) немесе міндеттемелер (О) баптары | 2001 жыл | | 2002 жыл | | 01.08. 03 жылғы ахуал бойынша | |
|--|----------------|----------------|----------------|----------------|-------------------------------|----------------|
| | сомасы | А немесе О %-ы | сомасы | А немесе О %-ы | сомасы | А немесе О %-ы |
| Банктерге берілген қарыздар мен қаражат, барлығы | 2135344 | 14, 19 | 257153 | 0,89 | 73395 | 0,17 |
| теңгелей | 375000 | 2,49 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| валютада | 1760344 | 11,7 | 257153 | 0,89 | 73395 | 0,17 |
| Банктерден алынған қарыздар мен қаражат, барлығы | 1051400 | 7,82 | 1526088 | 5,85 | 787735 | 1,94 |
| теңгелей | 150200 | 1,12 | 160000 | 0,61 | 0 | 0 |
| валютада | 901200 | 6,7 | 1366088 | 5,24 | 787735 | 1,94 |

Банкаралық қарыздар бойынша операцияларды нарықта Банк тұрақты емес негізде, Банктің өтімділігін қолдап отыру мақсатында, сондай-ақ контрагент банктерге осы банктер бойынша бекітілген лимиттер шеңберінде уақытша бос ақшаны орналастыру жолымен табыс алу мақсатында жүзеге асырады.

26. Депозиттер.

Депозиттік база серпіні

(мың теңге)

| Жыл соңындағы ахуал бойынша | 2000 | 2001 | 2002 |
|---|------------------|-------------------|-------------------|
| Депозиттер, барлығы | 5 723 758 | 10 332 133 | 18 101 334 |
| Заңды тұлғалардың талап етілмелі депозиттері | 3 418 323 | 3 926 100 | 3 539 126 |
| Жеке тұлғалардың талап етілмелі депозиттері | 109 440 | 258 896 | 260 286 |
| Заңды тұлғалардың мерзімді депозиттері (соның ішінде кепіл салымдар, жергілікті бюджеттің ақшасы) | 1 603 139 | 4 613 343 | 11 632 084 |
| Жеке тұлғалардың мерзімді депозиттері (соның ішінде кепіл салымдар,) | 592 856 | 1 533 794 | 2 669 838 |

Мерзімді депозиттерге 2202,2215,2217, 2219. 2223 шоттар кіреді. Талап етілмелі депозиттерге 2203, 2211, 2221 шоттар кіреді.

Депозиттер өсуінің мерзімдер қимасындағы серпіні

(мың теңге)

| күні | Депозиттердің барлығы | Талап етілмелі | 3 айға дейін | 6 айға дейін | 1 жылға дейін | 5 жылға дейін |
|--------|-----------------------|----------------|--------------|--------------|---------------|---------------|
| 2000 ж | 5 723 758 | 3 527 763 | 570 145 | 167 660 | 1 417 499 | 40 691 |
| 2001 ж | 10 332 133 | 4 184 996 | 643 770 | 318 481 | 4 190 019 | 994 867 |
| 2002 ж | 18 101 334 | 3 799 412 | 1 512 705 | 922 155 | 2 346 251 | 9 520 811 |

Депозиттер бойынша сыйақының тартылған депозиттер валютасының қимасындағы орташа ставкалары (%%)

| Жылы | Мерзімді депозиттер | Теңгелей депозиттер бойынша орташа сыйақы | Валютадағы депозиттер бойынша орташа сыйақы |
|---------|---------------------|---|---|
| 2000 ж. | заңды тұлғалардан | 10,8 | 11,0 |
| | жеке тұлғалардан | 15,8 | 8,2 |
| 2001 ж. | заңды тұлғалардан | 13,1 | 8,0 |
| | заңды тұлғалардан | 13,3 | 8,0 |
| 2002 ж. | заңды тұлғалардан | 10,8 | 8,7 |
| | заңды тұлғалардан | 10,4 | 7,3 |

2003 жылғы 1 тамыздағы ахуал бойынша заңды және жеке тұлғалардың депозиттері бойынша жекеше алғандағы уақытша құрылым.

(мың теңге)

| Депозиттер (2200) | Талап етілмелі | 3 айға дейін | 12 айға дейін | 1 жылдан астам | Мерзімді барлығы | Барлығы |
|-----------------------------------|----------------|--------------|---------------|----------------|------------------|----------|
| Заңды тұлғалар (банктерден басқа) | 6264857 | 2139998 | 7402235 | 8271907 | 17814140 | 24078997 |
| Жеке тұлғалар | 416236 | 263648 | 827951 | 2644575 | 3736174 | 4152410 |
| Барлығы | 6681093 | 2403646 | 8230186 | 10916482 | 21550314 | 28231407 |

Мерзімді депозиттерге 2215, 2217, 2223 шоттар кіреді

Банкте депозиттер орналастырушы негізгі клиенттер корпоративтік клиенттер, шағын және орташа кәсіпорындар мен жеке тұлғалар болып табылады. Заңды тұлғалардың шоттарындағы қалдықтар 01.08.2003 жылғы ахуал бойынша 88%-ды,

ал жеке тұлғалардың депозиттері – 2200 тобының шоттары бойынша қалдықтардың жалпы көлемінің 12%-ын құрады.

**Валюта түрлері бойынша жекеше алғандағы депозиттер бойынша дебеттік және кредиттік айналымдар (2200 тобы)
(мың теңге)**

| Жыл соңындағы ахуал бойынша | 2000 | 2001 | 2002 |
|-----------------------------|-------------|-------------|-------------|
| Дебет (есептен шығару): | | | |
| KZT | 84 516 890 | 168 112 311 | 543 436 900 |
| USD | 190 853 284 | 264 840 088 | 160 550 201 |
| EUR | 44 479 | 2 133 232 | 3 975 663 |
| Барлығы: | 275 414 653 | 435 085 631 | 707 962 764 |
| Кредит (түсім): | | | |
| KZT | 85 842 484 | 169 077 704 | 545 634 196 |
| USD | 196 994 857 | 275 340 281 | 167 585 918 |
| EUR | 44 491 | 2 210 744 | 4 355 087 |
| Барлығы: | 282 881 832 | 446 628 729 | 717 575 200 |

27. Облигациялардың қолданыстағы шығарылымдар құрлымының сипаттамасы: Ағымдағы күнгі ахуал бойынша Банк өз атаулы купондық облигацияларының екі шығарылымын жүзеге асырады.

Жай облигациялардың бірінші шығарылымы

Саны 150 000 дана, атаулы құны 100 АҚШ доллары, сомасы 15 000 000 АҚШ доллары. Купонның ставкасы 9,5% жылдық түрінде айқындалған, төлеу мерзімділігі – жылына екі рет. Жетінші эмиссияның проспектісі күніне қарай облигациялар толық көлемде орналастырылған.

Бағынышты облигациялардың екінші шығарылымы

саны 155 000 дана, атаулы құны 20 000 теңге, сомасы 3 100 000 000,00 KZT. Купонның ставкасы 9,5% жылдық түрінде айқындалған, төлеу мерзімділігі – жылына екі рет.

28. Эмитенттің активтерінің бес пайызынан асатын, әрекет етуші халықаралық қарыздардың шарттары туралы және эмитенттің активтерінің бес пайызынан асатын мөлшердегі тартылған және орындалған халықаралық қарыздар туралы соңғы үш жылдағы мәлімет: Банк өз активтерінің бес пайызынан асатын халықаралық қарыздар тартқан жоқ..

29. Банктегі басқа ұйымдардан алынған ақша несиелік желілер туралы 2003 жылғы 01 тамыздағы ахуал бойынша мәлімет:

| Реттік № | Атауы | Сомасы, АҚШ доллары |
|----------|---------------------------------|---------------------|
| 1. | Raiffeisen Zentralbank, Austria | 1 300 000 |

| | | |
|-----|---|------------|
| 2. | Union Bank of California, USA | 1 080 000 |
| 3. | Hypo-und Vereins Bank AG, Germany | 3 286 047 |
| 4. | Swed Bank, Sweden | 500 000 |
| 5. | Dresdner Bank, Germany | 1 500 000 |
| 6. | Bank Gesellschaft Berlin, Germany | 1 100 000 |
| 7. | Deutsche Bank AG, USA | 1 400 000 |
| 8. | ЗАО Промсвязьбанк, Россия | 500 000 |
| 9. | Банк Зенит, Россия | 100 000 |
| 10. | Сбербанк, Россия | 50 000 |
| 11. | Казкоммерцбанк, Казахстан | 350 000 |
| 12. | Евразийский банк, Казахстан | 500 000 |
| 13. | Exim Bank, Korea | 2 000 000 |
| 14. | CommerzBank, Germany | 3 000 000 |
| 15. | BCEN Eurobank, France | 1 023 958 |
| 16. | Standard Bank, Great Britain | 1 500 000 |
| 17. | Vereins-und Westbank, Germany | 194 483 |
| 18. | Экспортное кредитное агенство “Hermes”, Germany | 3 339 137 |
| 19. | Экспортное кредитное агенство “Sace”, Italy | 2 300 000 |
| 20. | Нурбанк, Казахстан | 700 000 |
| | Барлығы | 25 723 625 |

30. Қаржылық нәтижелерге талдама

Банк қызметінің қаржылық көрсеткіштері

(мың теңге)

| Көрсеткіштер | 2001 | 2002 |
|--|------------|------------|
| Жарғлық капитал, қосымша капиталды қосқанда | 1 072 921 | 1 755 383 |
| Меншікті капитал (пруденциялық нормативтер бойынша) | 1 557 284 | 3 567 342 |
| Баланс валютасы (активтер) | 15 043 652 | 29 021 967 |
| Несиелік қоржын (клиенттерге берілген қарыз) | 8 215 947 | 19 614 434 |
| Бағалы қағаздарға инвестициялар | 2 232 517 | 5 075 106 |
| Міндеттемелер | 13 446 330 | 26 065 773 |
| Депозиттер, соның ішінде | | |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары (2203,2211 шоттар) | 10 332 133 | 18 101 334 |
| <i>мерзімді салымдар (2215, 2217шоттар; 2000 - 2001 жылдары қосымша 2219 шот)</i> | 4 158 708 | 3 756 815 |
| <i>басқа салымдар (2202,2219,2221, 2223 шоттар; 2000-2001 жылдары 2219 шотынсыз)</i> | 4 010 294 | 11 778 675 |
| | 2 163 131 | 2 565 844 |
| Табыс,соның ішінде.: | 2 908 456 | 4 433 094 |
| <i>Пайыздық</i> | 1 494 465 | 2 264 633 |
| <i>Пайыздық емес</i> | 1 003 305 | 1 326 483 |
| <i>Басқа</i> | 410 686 | 841 978 |
| Шығыстар, соның ішінде .: | 2 588 602 | 3 754 734 |
| <i>Пайыздық</i> | 706 765 | 1 309 759 |
| <i>Пайыздық емес</i> | 1 294 362 | 1 601 822 |

| | | |
|--|--------------|--------------|
| <i>Басқа</i> | 587 475 | 843 153 |
| Табыс салығын төлегеннен кейінгі пайда | 319 854 | 678 360 |
| Пайда/Орташа жылдық Активтер | 2,7% | 3,2% |
| Пайда/Орташа жылдық Меншікті капитал | 23,2% | 37,5% |
| Қызметкерлердің орташа тізімдік саны | 797 | 786 |
| Пайыздық емес табысты пайыздық емес шығыстармен жабу | 78% | 83% |
| 1 қызметкерге шаққандағы активтер | 18 875 | 36 924 |

Банктің жоспарланған түрде өсуіне және клиенттермен әр түрлі бағыттарды жандандыруға байланысты көрсеткіштер жылдан жылға жақсаратын болады.

31. Банк табыстары мен шығыстарының құрылымы (мың теңге)

| | 2001 жыл | | 2002 жыл | |
|--|------------------|-----------------|------------------|-----------------|
| | сомасы | үлестік салмағы | сомасы | үлестік салмағы |
| ТАБЫСТАР | | | | |
| Клиенттерге берілген қарыздар бойынша | 1 502 827 | 51,7% | 2 465 339 | 55,6% |
| алынған және есептелген %% | 1 199 709 | 41,2% | 1 948 061 | 43,9% |
| есептен шығарылған провизияларды қайтару | 56 343 | 1,9% | 22 583 | 0,5% |
| клиенттерге берілген қарыздарды қайта бағалаудан алынған табыс | 246 775 | 8,5% | 494 696 | 11,2% |
| БАН және басқа банктерде орналастырылған депозиттер бойынша | 30 509 | 1,0% | 48 826 | 1,1% |
| алынған және есептелген %% | 30 509 | 1,0% | 48 826 | 1,1% |
| БАН-ды қайта бағалаудан алынған табыс | 0 | 0,0% | 0 | 0,0% |
| шетел валютасымен операциялар бойынша | 343 993 | 11,8% | 531 646 | 12,0% |
| валютамен жасалған дилинг операциялар бойынша табыс | 251 817 | 8,7% | 198 635 | 4,5% |
| валютаны қайта бағалаудан алынған табыс | 13 539 | 0,5% | 225 407 | 5,1% |
| валютамен жасалған операциялар бойынша алынған комиссия | 78 638 | 2,7% | 107 604 | 2,4% |
| Бағалы қағаздармен жасалған операциялар бойынша | 634 405 | 21,8% | 895 362 | 20,2% |
| мемлекеттік қағаздармен жасалған операциялардан алынған табыс | 552 119 | 19,0% | 480 102 | 10,8% |
| басқа бағалы қағаздармен жасалған операциялардан алынған табыс | 3 948 | 0,1% | 355 946 | 8,0% |
| бағалы қағаздарды қайта бағалаудан алынған табыс | 78 338 | 2,7% | 59 314 | 1,3% |
| Операциялық қызметтен алынған табыс | 395 239 | 13,6% | 489 026 | 11,0% |
| коммисиялық сыйақы | 389 901 | 13,4% | 487 543 | 11,0% |
| басқа операциялық табыстар | 5 338 | 0,2% | 1 483 | 0,0% |
| Басқа табыстар | 1 482 | 0,1% | 2 897 | 0,1% |
| негізгі қаражатты сатудан | 1 482 | 0,1% | 2 897 | 0,1% |
| Басқа табыстар | 0 | 0,0% | 0 | 0,0% |
| Барлық ТАБЫСТАР | 2 908 456 | 100,0% | 4 433 097 | 100,0% |
| ШЫҒЫСТАР | | | | |
| клиенттерге берілген қарыздар бойынша провизиялар | 180 418 | 7,0% | 209 386 | 5,6% |
| | 180 418 | 7,0% | 194 791 | 5,2% |

| | | | | |
|---|------------------|---------------|------------------|---------------|
| филаилдар үшін Бас офисте құрылған провизиялар | 0 | 0,0% | 0 | 0,0% |
| бағынышты қарыз бойынша | 0 | 0,0% | 14 594 | 0,4% |
| несие желілері бойынша алынған несиелерді қайта бағалаудан | 0 | 0,0% | 0 | 0,0% |
| БАН және банктерден алынған депозиттер бойынша | 166 222 | 6,4% | 118 666 | 3,2% |
| төленген %% | 166 222 | 6,4% | 76 264 | 2,0% |
| БАН-ды қайта бағалаудан болған залал | 0 | 0,0% | 0 | 0,0% |
| БАН бойынша провизиялар | 0 | 0,0% | 42 403 | 1,1% |
| клиенттерден алынған депозиттер бойынша | 487 590 | 18,8% | 1 026 614 | 27,3% |
| төленген %% | 469 683 | 18,1% | 1 020 923 | 27,2% |
| клиенттерден алынған депозиттерді қайта бағалаудан болған залал | 17 907 | 0,7% | 5 691 | 0,2% |
| шетел валютасымен операциялар бойынша | 237 989 | 9,2% | 490 850 | 13,1% |
| диллинг операцияларынан болған ысырап | 120 404 | 4,7% | 87 093 | 2,3% |
| валютаны қайта бағалаудан болған ысырап | 81 288 | 3,1% | 383 098 | 10,2% |
| валюта операциялары бойынша төленген комиссия | 36 297 | 1,4% | 20 659 | 0,6% |
| Бағалы қағаздармен операциялар бойынша | 127 515 | 4,9% | 327 569 | 8,7% |
| мемлекеттік қағаздармен операциялардан болған ысырап | 50 825 | 2,0% | 108 538 | 2,9% |
| басқа бағалы қағаздармен операциялардан болған ысырап | 70 861 | 2,7% | 197 978 | 5,3% |
| бағалы қағаздарды бағалаудан болған ысырап | 5 830 | 0,2% | 21 053 | 0,6% |
| Операциялық қызметке жұмсалған шығыстар | 56 968 | 2,2% | 302 095 | 8,0% |
| төленген комиссия | 56 968 | 2,2% | 302 095 | 8,0% |
| Әкімшілік-шаруашылық шығыстар | 1 208 812 | 46,7% | 1 181 620 | 31,5% |
| Еңбекақы | 464 932 | 18,0% | 529 377 | 14,1% |
| | 20 697 | 0,8% | 0 | 0,0% |
| | 0 | 0,0% | 0 | 0,0% |
| Шар. шығыстар | 294 137 | 11,4% | 269 028 | 7,2% |
| Салықтар | 187 768 | 7,3% | 157 730 | 4,2% |
| Амортизация | 40 807 | 1,6% | 66 974 | 1,8% |
| Банктік қызметтен болған залалды жабатын провизиялар | 88 866 | 3,4% | 41 098 | 1,1% |
| Басқа операциялық шығыстар | 111 606 | 4,3% | 117 414 | 3,1% |
| Басқа шығыстар мен ысырап | 122 931 | 4,7% | 94 256 | 2,5% |
| негізгі қаражатты сатудан | 18 021 | 0,7% | 4 364 | 0,1% |
| Басқалары | 104 910 | 4,1% | 89 892 | 2,4% |
| Табыс салығы | 157 | 0,0% | 3 679 | 0,1% |
| Барлық ШЫҒЫСТАР | 2 588 602 | 100,0% | 3 754 735 | 100,0% |
| Барлық ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕ | 319 854 | | 678 362 | |

2002 жылғы жалпы табыс сомасындағы ең үлкен үлестік салмақ пайыздық табысқа келеді – 51%, комиссиялық табыстар – 15%, қаржылық операциялар бойынша түсім – 15%, басқа табыстар– 19%.

Пайыздық шығыстар 35% құрады, қызметкерлерге жұмсалған шығыс – 18%, әкімшілік – шаруашылық шығыстар - 7%, провизиялар – 7%, салықтар- 2%, басқа шығыстар – 13%.

32. Пруденциялық нормативтерді орындау

Пруденциялдық нормативтерді орындау бойынша мәлімет

| | норматив | 01.08.2003 |
|---|--|------------|
| Мешікті қаржат жеткіліктілігінің коэффициенті | $k1 = K1-ИК/A \geq 0.06$ | 0,06 |
| Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған активтерге капиталдың қатынасы | $k2 = K/(A_p - P_c) \geq 0.12$ | 0,13 |
| Бір қарызгерге деген тәуекелдән ең үлкен мөлшері: | | |
| ерекше қарым-қатынаспен байланыспағандар үшін | $k3 = P/K \leq 0.25$ | 0,22 |
| ерекше қарым-қатынаспен байланысқандар үшін | $k3 = P/K \leq 0.1$ | 0,02 |
| ерекше қарым-қатынаспен байланысқан барлық қарызгерлер үшін | $k3 = P/K \leq 1$ | 0,03 |
| Берілген балнкілік несиенің ең үлкен мөлшері | $k3 = P/K \leq 0.1$ | 0,05 |
| Өтімділік коэффициенті | $k4 = A_{ср.}/O_{ср.} > 0.3$ $k5 = A_{кр.}/O_{кр.} > 0.5$ | 0,8 0,6 |
| Банктің негізгі қаражатқа және басқа да қаржылық емес активтерге инвестицияларының ең үлкен мөлшерінің коэффициенті | $k6 = И/К (< 0.5)$ | 0,43 |

Кестеден көріп тұрғандай, Банк белгіленген нормативтерді барлық көрсеткіштер бойынша босалқы қор қалдыра отырып орындауда.

33. Банк акциялар шығару қабылдағанға дейінгі соңғы алты ай ішінде берілген кепілдіктердің көлемі мен саны.

Банк өз клиенттеріне құжатталған операциялар бойынша қызмет көрсетеді, олар шарттық талаптар мен міндеттемелер шоттарында есепке алынады. Құжатталған операциялар Банк клиенттері арасында болған сайын кеңінен танымал болуда. Банк банктік кепілдіктер беру бойынша қызметтерді белсенді түрде көрсетеді. Соңғы алты ай ішінде (2002 жылғы 1 ақпаннан 2003 жылғы 1 тамызға дейін) берілген кепілдіктер көлемі төмендегідей болды:

Кепілдіктер:

Саны – 416 кепілдік

4 576 096 888,01 теңге.

34. Банк берген кепілдіктердің, сот қуынымдарының нәтижесінде пайда болуы мүмкін Банктің ықтимал міндеттемелеріне қатысты өзге ақпарат.

Банк осыдан бұрын берген кепілдіктер бойынша міндеттемелер немесе сот қуынымдары пайда болуы мүмкін деген болжам жоқ.

V. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

35. 1) Ағымдағы сәтке дейін Банк алты акция шығарылымы мен екі атаулы купондық облигациялар шығарылымын жүргізді. Бағалы қағаздар шығаруды Банк құжатталмаған нысанда жүзеге асырады.

Акциялар шығарылымдары туралы мәлімет

| | I шығарылым | II шығарылы м | III шығарылым | IV шығарылы м | V шығарылы м | VI шығарылы м |
|--|----------------------------|----------------------------|----------------------------|----------------------------|----------------------------|---------------------------|
| Жалпы саны | 1 350 000 | 2 650 000 | 4 000 000 | 4 000 000 | 762 000 | 1 569 000 |
| Атаулы құны | 200 | 200 | 2,5\$ | 210 | 210 | 210 |
| Акциялар эмиссиясының құрылымы: | | | | | | |
| Жай: Саны (дана) | 1 299 950 | 2 585 050 | 3 885 000 | 3 885 000 | 762 000 | 1 569 000 |
| Артықшылықты: Саны (дана) | 50 050 | 64 950 | 115 000 | 115 000 | Нет | Нет |
| Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган Мемлекеттік тіркеу № | НКЦБ РК 02-1-15/789 | НКЦБ РК 02-2-3/1747 | НКЦБ РК 02-2-3/2279 | НКЦБ РК 02-2-4/6415 | НКЦБ РК 02-2-4/9053 | НБ РК 02-2-16/5340 |
| Эмиссияны мемлекеттік тіркеу күні: | 11.03.1998 | 22.05.1998 | 03.05.1999 | 20.09.2000 | 29.12.2000 | 10.08.2001 |
| Орналастыруды бастау күні | 11.03.1998 | 23.06.1998 | 03.05.1999 | 21.09.2000 | 25.01.2001 | 8.09.2001 |
| Орналастыруды аяқтау күні | 12.03.1998 | 20.11.1998 | 07.05.1999 | 21.09.2000 | 25.01.2001 | 27.12.2002 |
| Орналастыру тәсілі | Жабық | Ашық | Жабық | Жабық | Жабық | Ашық |
| Эмиссия қортындылары туралы есептемені бекіту күні: | 10.04.1998 | 08.12.1998 | 01.06.1999 | 26.10.2000 | 20.03.2001 | 08.05.2003 |
| Эмиссияның күшін жою күні | 03.05.1999 | 03.05.1999 | 20.09.2000 | | | |

Облигациялар шығарылымы туралы мәлімет.

а) Банк шығарған облигациялар түрі: атаулы және купондық.

б) Шығарлымының құрлымы:

Бірінші

Облигациялардың жалпы сан 150 000 (Бір жүз елу мың) дананы құрайды, атаулы құны 100 АҚШ доллары , сомасы 15 000 000,00 USD (Он бес миллион АҚШ доллары).

Шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні: Облигациялардың бірінші эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы А 37 нөмірлі куәлік. 2001 жылғы 06 маусымда Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы берген.

Орналастыруды бастау күні: 2001 жылғы 13 шілде.

Орналастыруды аяқтау күні: 2002 жылғы 29 тамыз.

Екінші

Бағынышты облигациялардың жалпы саны 155 000 (Бір жүз елу мың) дананы құрайды, атаулы құны 20 000 теңге, сомасы 3 100 000 000,00 KZT (Үш миллиард бір жүз мың Қазақстан теңгесі).

Шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні: Бағынышты облигациялардың екінші эмиссиясы мемлекеттік тіркеу туралы А 74 нөмірлі куәлік.. 2003 жылғы 13 мамырда Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы берген.

Орналастыруды бастау күні: 2003 жылғы 28 мамыр.

Орналастыруды аяқтау күні: 2010 жылғы 28 мамыр.

3) Банктің бағалы қағаздарды иеленушілер алдындағы өз міндеттемелерін орындамау, облигациялар бойынша сыйақы төлемеу (төлеуді кідірту), жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлеуді кідірту) фактілері туралы мәлімет, соның ішінде орындалмаған міндеттемелер мөлшері мен оларды орындау мерзімін шегеру күні туралы ақпарат: өз міндеттемелерін орындамау , дивиденттерді төлеуді кідірту, төлемеу фактілері Банкте жоқ

4) Облигацияларды өтеу күні және олар бойынша төлемдердің жалпы мөлшері.

бірінші

Атаулы купондық облигациялар 3 жыл айналым мерзімімен шығарылатын, купонның ставкасы атаулы құнының 9,5% жылдық пайызы ретінде айқындалған. Өтеу күні 2004 жылғы 13 маусым. Облигациялар бойынша төлемдердің жалпы мөлшері үш жыл ішінде 3 739 162,00 USD (Үш миллион жеті жүз отыз тоғыз мың бір жүз алпыс екі АҚШ доллары) құрайды. Сыйақы төлеу күні – жыл сайын 13 қаңтар және 13 шілде. 2003 жылғы 01 тамыздағы ахуал бойынша Банк төрт сыйақы төлемін жүзеге асырды. Төлемдер мөлшері 2 314 162,00 USD (Екі миллион үш жүз он төрт мың бір жүз алпыс екі АҚШ доллар) құрайды.

Екінші

Атаулы купондық индекстелген бағынышты облигациялар 7 жыл айналым мерзімімен шығарылған, купон ставкасы индекстелген атаулы құнының 9,5%

жылдық пайызы ретінде айқындалған. Өтеу күні 2010 жылғы 28 мамыр. Бағынышты облигациялар бойынша 2 090 000 000,00 KZT мөлшерінде төлемдер жүргізу жоспарланып отыр.

5) Бір акцияға деген дивидендер сомасы және соңғы екі қаржылық жылдың әрқайсысында арналған дивидендердің жалпы сомасы.

Банк дивидендтерді жыл қорытындысы бойынша төлейді. Жай акциялар бойынша бір акцияға шаққандағы кепілді дивидендтер мөлшері мен оларды төлеу туралы шешімді Акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды, ал артықшылықты акциялар бойынша кепілді дивидендтер мөлшері Банк Жарғысы бойынша 21 Қазақстан теңгесі деп белгіленеді.

Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуі туралы шешім қабылдауға құқылы.

Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшері сол кезең үшін жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшерінен кем бола алмайды.

| Бағалы қағаздар түрі | 2001 жылғы дивидендтер мөлшері, % және теңге | | 2002 жылғы дивидендтер мөлшері, % және теңге | |
|---|--|--------------|--|--------------|
| | 1 акцияға | Жалпы сомасы | 1 акцияға | Жалпы сомасы |
| 1. Жай акциялар | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ |
| 2. Дауыс құқығы жоқ артықшылықты акциялар | 10 | 2 366 301,00 | 10 | 2 366 301,00 |

Банктің дивидендтерді есепке жазу мен төлеу бойынша борышы жоқ.

6) Банктің бағалы қағаздарымен сауда жасау жүзеге асырылатын негізгі нарықтар, соның ішінде сауда-саттықты ұйымдастырушылар.

Банктің бағалы қағаздары Қазақстан нарығында Қазақстан Қор Биржасының «А» санатындағы ресми тізім бойынша айналады. Сауда-саттықты ұйымдастырушы Қазақстан Қор Биржасы болып табылады.

VI. ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

36. Акциялар туралы мәлімет:

1). Шығарылым құрылымы:

Жетінші шығарылым көлемінде Банк шығаратын акциялардың жалпы саны 13 669 000 дананы, соның ішінде 13 284 000 жай және 385 000 артықшылықты акцияны құрайды.

2). Проспект күніне қарай (2003 жылғы 1 тамыз) акциялардың жалпы саны 6 331 000 дананы құрады, олардың ішінде әрқайсысының атаулы құны 210 теңге 6 216 000 дана жай атаулы акция және 115 000 дана артықшылықты атаулы акция.

3). Бір артықшылықты акцияға деген дивидендтердің кепілді мөлшері Жарғы бойынша 21 Қазақстан теңгесі сомасында белгіленеді.

37. Банк тіркеушісі туралы мәлімет.

Банктің бағалы қағаздарын иеленушілер тізілімін жүргізу мен сақтауды Банк акционерлерінің 30.04.2003 жылғы кезекті жылдық Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес тәуелсіз тіркеуші – Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 04.09.2000 жылы берген № 0406200147 лицензиясы негізінде өрекет етуші “Бағалы қағаздарды тіркеу жүйесі” ашық акционерлік қоғамы (“БҚТЖ” ЖАҚ) жүзеге асырады. “БҚТЖ” ЖАҚ-ының бас офисі мына мекен-жай бойынша орналасқан: 480096, Алматы қаласы, Мұратбаев көшесі, 75, тел. 53- 70 –44, 53 –71-77 (факс).

Бағалы қағаздарды иеленушілер тізілімін жүргізу бойынша қызмет көрсету 2001 жылғы 16 тамыздағы № 000-А-2176 Шарттың негізінде жүзеге асырылады.

VII. Акциялар шығаруға кеткен шығындар сомалары.

38. Бағалы қағаздардың ішкі нарығында акциялар шығару бойынша Банктің шығыстары тіркеушінің көрсеткен қызметіне және басқа да кәсіпқой қызметтерге ақы төлеуден, сондай-ақ үстеме шығыстарды төлеуден тұратын болады.

Акциялар шығару үшін қажет қаражат шығысы (теңге)

| | Есеп айырысу базасы | Сомасы |
|------------------------------------|------------------------------|---------|
| Тіркеушілік жүйе қызметтері | Үзінді көшірме, Тізілім үшін | 100 000 |
| Шығарылымды тіркеушіде орналастыру | | 106 400 |
| Үстеме шығыстар | | 100 000 |
| Барлығы | | 306 400 |

Акцияларды орналастыру мен айналдыру бойынша шығыстар кіру және жыл сайынғы листинг алымдарынан, маркет-мейкер мен тіркеушінің көрсететін қызметтерінен тұратын болады.

43. Инвесторларға арналған ақпарат.

Ықтимал инвесторлар жарғының көшірмесімен және акциялардың жетінші шығарылымының проспектісімен танысуына болатын жер: 480012, Алматы қаласы, Әди Шәріпов көшесі, 90 мекен-жайы бойынша.



[Handwritten signature]

Ким И.В.

Ельчинская Е.В.

[Handwritten signature]
Ибраева Р. Ж.

408

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

20 13 жылғы "19" Август

ТІРКЕУГЕ АЛДЫ

Эмиссиялық бағамды қағаздар шығаруды
және айналымға жіберуді реттеу
бөлімінің бастығы *Маш*



Пронумеровано и проиндуковано
на «65» листах

И.о. Председателя Правления
Миронов А.А.

ЗАРЕГИСТРИРОВАНА
Национальным банком
Республики Казахстан
"19" август 2013 г.

Начальник Отдела регулирования
выпуска и обращения эмиссионных
ценных бумаг *Маш*